

Сарыагаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 шілдедегі № 169 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 53-462-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2020 жылғы 7 шілдеде № 5697 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыагаш ауданының жер қатынастары бөлімі мен сәулет және қала құрылышы бөлімдерінің бірлескен ұсынысына сәйкес, елді мекендердің шекаралары өзгертілсін:

1) 83,24 гектар жер участкесі Қабланбек ауылдық округі, Жаңаарық елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 177,39 гектар;

2) 39,98 гектар жер участкесі Қабланбек ауылдық округі, Сіргелі (Чичерино) елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 123,67 гектар;

3) 15,30 гектар жер участкесі Қабланбек ауылдық округі, Ақниет елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 102,15 гектар;

4) 100,74 гектар жер участкесі Дербісек ауылдық округі, Дербісек елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 1108,15 гектар;

5) 17,92 гектар жер участкесі Жемісті ауылдық округі, Тың елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 82,08 гектар;

6) 16,72 гектар жер участкесі Қызылжар ауылдық округі, Жаскешу елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 136,22 гектар;

7) 68,29 гектар жер участкесі Тегісшіл ауылдық округі, Тегісшіл елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 296,52 гектар;

8) 122,0 гектар жер участкесі Құркелес ауылдық округі, Жылышу елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 206,55 гектар;

9) 92,30 гектар жер участкесі Құркелес ауылдық округі, Алғабас елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 305,64 гектар;

10) 42,90 гектар жер участкесі Жылға ауылдық округі, Шымыrbай елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 2321,40 гектар;

11) 95,69 гектар жер участкесі Жылға ауылдық округі, Қарақалпак елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 2067,56 гектар;

12) 97,37 гектар жер участкесі Жылға ауылдық округі, Шенгелді елді мекенінің шегіне енгізіліп, жалпы ауданы 3213,33 гектар;

13) 240,90 гектар жер участкесі Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 2958,80 гектар;

14) 57,66 гектар жер участкесі Дарбаза ауылдық округі, Ердөуіт елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 240,84 гектар;

15) 55,10 гектар жер участкесі Дарбаза ауылдық округі, Тасқұдық елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 469,33 гектар;

16) 5,17 гектар жер участкесі Дарбаза ауылдық округі, Құрықсай елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 196,0 гектар.

2. "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы және шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы және шешімді Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Отаршиев

Аудандық мәслихат хатшысы

B. Садыков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК